

**«Нұрбанк» АҚ-да Тұтынушылық қарыздар бойынша
банктік қарыз келісімшартының үлгілік шарттары
(«Новое поколение» газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланды,
2019 жылғы «26» шілдеден № 82;**

**№1 өзгерістермен, «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс
тілдерінде жарияланды, 2020 жылғы «03» қыркүйектен № 96;**

**№ 2 өзгерістермен, «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс
тілдерінде жарияланды, 2020 жылғы «13» қарашадан № 127)**

Бұдан әрі «Шарттар» деп аталатын, «Нұрбанк» АҚ-ның (бұдан әрі - Банк) осы Тұтынушылық қарыздар бойынша банктік қарыз келісімшартының үлгілік шарттары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 388-бабында қарастырылған тәртіппен жеке тұлғалармен банктік қарыз келісімшарттарын (оның ішінде банктік шотқа қолжеткізуді қамтамасыз ету үшін төлем карточкасын шығарумен жеке тұлғаның банктік шотына кредиттік лимитті (бұдан әрі – Кредиттік лимит) орнату туралы келісімшарттарды) жасау мақсатында әзірленген.

Шарттарға сәйкес жеке тұлғаның (бұдан әрі «Қарыз алушы») Банктен банктік қарыз (бұдан әрі «Қарыз») алуына (оның ішінде Банктің Қарыз алушыға белгілеген Кредиттік лимит шеңберінде) және Қарызға қызмет көрсетілуіне байланысты Қарыз алушы мен Банк арасындағы қарым-қатынастар реттеледі.

1. Негізгі шарттар

1.1. Қарыз алушы Шарттармен келіскен жағдайда Қарыздың мақсаты Банк пен Қарыз алушы арасында жасалатын Банктік қарыз келісімшартымен (бұдан әрі «Қарыз келісімшарты») немесе Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшартпен (бұдан әрі «Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт») (бұдан әрі мәтін бойынша Қарыз келісімшарты мен Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бірігіп «Банктік қарыз келісімшарты») белгіленді.

1.2. Қарыздың/Кредиттік лимиттің сомасы, валютасы мен мерзімі Банктік қарыз келісімшартымен белгіленеді. Бұл ретте Қарыз алушының төлем карточкасы/банктік шоты бойынша банктік шот валютасынан басқа валютамен шығыс операцияларын жасау кезінде туындаған бағам айырмашылығының салдарынан Қарыз алушының Кредиттік лимит бойынша қолжетімді баланс сомасын асыруы – овердрафт (бұдан әрі – Овердрафт) болып табылады.

1.3. Қарызды және/немесе Овердрафтты пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі - «Сыйақы») тіркелген болып табылады, Банктік қарыз келісімшарты жасалатын күнгі мөлшерде Банктік қарыз келісімшартында жылдық пайызда көрсетіледі, және онда уәкілетті мемлекеттік орган орнатқан тәртіпке сәйкес Банктік қарыз келісімшарты жасалатын күні Сыйақы мөлшерлемесінің сенімді жылдық тиімді салыстырмалы түрде есептелген мөлшері көрсетіледі. Қарыз және/немесе Овердрафт бойынша мерзімі кешіктірілген берешек туындаған жағдайда Сыйақы есептеу берешек толығымен өтелгенге дейін мерзімі кешіктірілген негізгі қарыз/мерзімі кешіктірілген Овердрафт сомасына Банктік қарыз келісімшартында көрсетілген тіркелген мөлшерлеме бойынша іске асырылады.

1.4. Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешектерді өтеуге, соның ішінде Сыйақы төлеуге, тұрақсыз төлемдер мен Банктік қарыз келісімшарты бойынша белгіленген басқа берешектердің сомаларын төлеуге қатысты тәсілді Банктік қарыз келісімшарты анықтайды. .

1.5. Қарызды өтеу әдісі мен Сыйақыны есептеу тәртібі Банктік қарыз келісімшартында белгіленеді.

1.6. Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешектерді жабу кезектілігін Банктік қарыз келісімшарты анықтайды.

1.7. Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарызды қайтару және/немесе Сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда Қарыз алушы Банктің қалауы бойынша Банкке Банктік қарыз келісімшартында көрсетілген, мерзімі кешіктірілген әр күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасының пайыздық арасалмағында есептелетін, бірақ:

- Қарыз келісімшарты қолданыста болатын әр жылы үшін берілген Қарыз сомасының;

- Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт қолданыста болатын әр жылы үшін белгіленген Кредиттік лимиті сомасының

10% (Он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыппұлсын (өсімақы) төлейді.

Тұрақсыздық айыппұлсын (өсімақы) төлеу мен залалдарды өтеу Қарыз алушыны Банктік қарыз келісімшарты бойынша бұзылған міндеттемелерді лайықты орындаудан босатпайды.

1.8. Қарыз берілуіне және қызмет көрсетуіне байланысты өндіріп алуға тиісті және/немесе Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесіне әсерін тигізетін комиссиялар мен басқа төлемдердің толық тізімі, сондай-ақ олардың мөлшері Банктік қарыз келісімшарты жасалатын күніне Банктік қарыз келісімшартында белгіленеді.

1.9. Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешекті өтеу тәртібі Банктік қарыз келісімшартында белгіленеді. Қарыз алушының берешегін толығымен немесе бөлігін заңнамаға қайшы келмейтін тәртіпте үшінші тұлғаның өтеуіне рұқсат беріледі.

Тараптардың өзара келісімімен Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешекті басқа тәртіпте өтеуге болады, бұл ретте егер Қарыз алушы Қарыз келісімшарты бойынша берешекті өтеген кезде Қарыз келісімшарты бойынша ағымдағы немесе мерзімі кешіктірілген берешектің сомасынан асырып өтесе, Банк төлемнің артылған сомасын Қарыз алушының Қарыз келісімшартында белгіленген банктік шотына немесе Тараптардың өзара келісімімен, Қарыз алушының Банкте ашылған, соның ішінде Қарыз алушыға жеке кәсіпкер ретінде ашылған басқа ағымдағы шоттарына аударады.

Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша берешекті өтеген кезде Қарыз алушы Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшартта белгіленген, Қарыз алушының банктік шотына салған және ағымдағы және/немесе мерзімі кешіктірілген берешек сомасынан асатын сомаларды Банк Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша негізгі қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу есебіне жібереді, бұл ретте Қарыз алушыдан мерзімінен бұрын өтеу туралы өтініш беру талап етілмейді.

1.10. Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешекті өтеу үшін жүргізілетін барлық төлемдерді немесе банктік шоттарды толықтыруды Банк өзіне тиесілі соманы толық көлемде, одан кейіннен ол төлемнен салықты, алымдарды, баж салығын, комиссиялар мен басқа ұстап қалу және төлемдерді ұстап қалмайтындай етіп жүзеге асыруы тиіс.

1.11. Егер Қарызды қайтаратын және/немесе Сыйақы төлейтін күн жұмыс емес күнге түссе берешекті өтеу келесі жұмыс күні жүргізіледі. Бұл ретте жұмыс емес күн деп мерекелік және демалыс күндері: мұсылман күнтізбесі бойынша Құрбан айттың бірінші күні, православтық Рождество – 7 қаңтар күні, сенбі жексенбі күндері, Қазақстан Республикасының Үкіметі аптаның демалыс күндерін аптаның жұмыс күндеріне ауыстырған жағдайда аптаның басқа күндері деп білеміз.

1.12. Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарызды қайтару және Сыйақы төлеу мерзімділігі Банктік қарыз келісімшартында белгіленеді.

1.13. Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету (бұдан әрі – «Қамтама») тәсілдері (түрі) Банктік қарыз келісімшартында белгіленді.

1.14. Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерді және/немесе Қарыз алушы және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлға Қамтамасыз ету туралы келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзған немесе бұзу қаупі болған жағдайда Банк қолданатын шаралар Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған.

1.15. Банктік қарыз келісімшарты оған Тараптар қол қойған, Банктік қарыз келісімшартының кіріспесінде көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Банктік қарыз келісімшарты бойынша барлық міндеттемелерін тиісті түрде толық орындағанға дейін әрекет етеді.

1.16. Тараптардың Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттерін бұзғаны үшін жауапкершілігін Банктік қарыз келісімшарты анықтайды. .

1.17. Алынып тасталды.

1.18. Алынып тасталды.

1.19. Тараптар Банктік қарыз келісімшартына қол қою арқылы Қарыз алушы Банкке: (i) Банктің Қарыз алушы туралы ақпараттарды, сондай-ақ Тараптардың Банктік қарыз келісімшарты бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты барлық кредиттік бюроларға беруіне және (ii) барлық кредиттік бюролардың Банкке Қарыз алушы туралы кредиттік есептер беруіне; (iii) Қарыз алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге Қарыз алушының келісім бергенін растайды.

1.20. Тараптардың Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты барлық мәселелер бойынша Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшартының деректемелерінде көрсетілген Банктің пошталық мекенжайы бойынша немесе электрондық мекенжайы бойынша жүгінсе болады. Банктің ресми сайты - www.nurbank.kz.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Қарыз алушы құқылы:

2.1.1. Банктік қарыз келісімшарты жасаған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Қарыз берілген күннен бастап есептелген Сыйақыны төлеп, Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемі мен басқа да айыппұл шараларын төлемей Қарызды мерзімінен бұрын қайтаруға;

2.1.2. Тараптар Банктік қарыз келісімшартында белгілеген, төменде келтірілген өтеу тәсілдерінің біреуімен Қарызды мерзімінен бұрын өтеуге:

а) Банк Қарыз алушыдан Қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы алдын ала жазбаша хабарламасын Қарызды мерзімінен бұрын өтеу күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын алған жағдайда кез келген уақытта Банкке: (i) мерзімінен бұрын өтейтін күнге дейін Қарызға есептелген Сыйақыны, (ii) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттар бойынша төлеуі тиіс тұрақсыздық төлемі мен басқа төлемдерді төлеумен, Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттардың шеңберінде Банкке келген барлық шығындарды өтеумен бірге, 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз берілетін күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде толығымен, немесе 1 (бір) жылдан көп уақытқа берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылдың ішінде толығымен мерзімінен бұрын өтеу әдісі;

б) Банк Қарыз алушыдан Қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы алдын ала жазбаша хабарламасын Қарызды мерзімінен бұрын өтеу күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын алған жағдайда кез келген уақытта Банкке: (i) Шарттардың 2.1.1-тармағында қарастырылған Қарызды мерзімінен бұрын қайтару жағдайын қоспағанда, Қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған мөлшерде комиссияны, (ii) мерзімінен бұрын өтейтін күнге дейін Қарызға есептелген Сыйақыны, (iii) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс тұрақсыздық төлемі мен басқа төлемдерді төлеумен, Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттардың шеңберінде Банкке келген барлық шығындарды өтеумен бірге, 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз берілетін күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде толығымен, немесе 1 (бір) жылдан көп уақытқа берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылдың ішінде толығымен мерзімінен бұрын өтеу әдісі;

в) Банк Қарыз алушыдан Қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы алдын ала жазбаша хабарламасын Қарызды мерзімінен бұрын өтеу күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын алған жағдайда кез келген уақытта Банкке: (i) Шарттардың 2.1.1-тармағында қарастырылған Қарызды мерзімінен бұрын қайтару жағдайын қоспағанда, Қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған мөлшерде комиссияны, (ii) Қарыздың бүкіл мерзіміне Қарызға есептелген бүкіл Сыйақыны, (iii) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс тұрақсыздық төлемі мен басқа төлемдерді төлеумен, Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттардың шеңберінде Банкке келген барлық шығындарды өтеумен бірге, 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз берілетін күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде толығымен, немесе 1 (бір) жылдан көп уақытқа берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылдың ішінде толығымен мерзімінен бұрын өтеу әдісі;

г) Банк Қарыз алушыдан Қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы алдын ала жазбаша хабарламасын Қарызды мерзімінен бұрын өтеу күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын алған жағдайда

кез келген уақытта Банкке: (i) мерзімінен бұрын өтейтін күнге дейін Қарызға есептелген Сыйақыны, (ii) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс тұрақсыздық төлемі мен басқа төлемдерді төлеумен, Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттардың шеңберінде Банкке келген барлық шығындарды өтеумен бірге, 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз берілетін күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде толығымен, немесе 1 (бір) жылдан көп уақытқа берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылдың ішінде ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу әдісі;

д) Банк Қарыз алушыдан Қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы алдын ала жазбаша хабарламасын Қарызды мерзімінен бұрын өтеу күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын алған жағдайда кез келген уақытта Банкке: (i) Шарттардың 2.1.1-тармағында қарастырылған Қарызды мерзімінен бұрын қайтару жағдайын қоспағанда, Қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған мөлшерде комиссияны, (ii) мерзімінен бұрын өтейтін күнге дейін Қарызға есептелген Сыйақыны, (iii) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс тұрақсыздық төлемі мен басқа төлемдерді төлеумен, Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттардың шеңберінде Банкке келген барлық шығындарды өтеумен бірге, 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз берілетін күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде толығымен, немесе 1 (бір) жылдан көп уақытқа берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылдың ішінде ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу әдісі;

е) Банк Қарыз алушыдан Қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы алдын ала жазбаша хабарламасын Қарызды мерзімінен бұрын өтеу күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын алған жағдайда кез келген уақытта Банкке: (i) Шарттардың 2.1.1-тармағында қарастырылған Қарызды мерзімінен бұрын қайтару жағдайын қоспағанда, Қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған мөлшерде комиссияны, (ii) Қарыздың бүкіл мерзіміне Қарызға есептелген бүкіл Сыйақыны, (iii) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс тұрақсыздық төлемі мен басқа төлемдерді төлеумен, Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттардың шеңберінде Банкке келген барлық шығындарды өтеумен бірге, 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз берілетін күннен бастап 6 (алты) айдың ішінде толығымен, немесе 1 (бір) жылдан көп уақытқа берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылдың ішінде ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу әдісі;

ж) Тараптардың уағдаласуы бойынша басқа тәртіппен.

Қарызды ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу бойынша жүзеге асырылатын төлемдердің кезектілігі Шарттардың 1.6-тармағында көрсетілген Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерін орындау (берешектерін өтеу) кезектілігіне сәйкес болуы қажет. Қарыз толығымен мерзімінен бұрын өтелетін жағдайда Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерінің барлығы Қарызды сондай өтелетін күніне орындалуы тиіс;

2.1.3. Банк Қарыз алушыдан Қарызды ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу туралы алдын ала жазбаша хабарламасын Қарызды ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын алған және Банк Қарызды ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеуге келісімін берген жағдайда, Банкке бірмезгілде: (i) мерзімінен бұрын өтеу күніне Қарызға есептелген Сыйақыны, (ii) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс тұрақсыздық төлемі, комиссиялар мен басқа төлемдерді төлеумен, Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттардың шеңберінде Банкке келген барлық шығындарды өтеумен бірге, 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарыз берілетін күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, немесе 1 (бір) жылдан көп уақытқа берілген Қарыз берілетін күннен бастап 1 (бір) жыл өткеннен кейін тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл шараларының өзге түрлерін төлеместен Қарызды ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеуге.

Қарызды ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу бойынша жүзеге асырылатын төлемдердің кезектілігі Шарттардың 1.6-тармағында көрсетілген Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерін орындау (берешектерін өтеу) кезектілігіне сәйкес болуы қажет. Қарыз толығымен мерзімінен бұрын өтелетін жағдайда Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерінің барлығы Қарызды сондай өтелетін күніне орындалуы тиіс;

2.1.4. Банктен, Қарыз алушы төлеуге міндетті:

а) Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешегінің жалпы сомасын;

б) Қарыз алушының Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызы, Қарызға/Овердрафтқа есептелген Сыйақы, Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс комиссиялар, тұрақсыздық төлемдері мен айыппұл шараларының басқа түрлері бойынша берешектерінің сомаларын бір-бірінен бөліп

көрсетілген мәліметтерді алып, Банктік қарыз келісімшарты бойынша берілген Қарыздың бүкіл сомасын немесе оның бөлігін мерзімінен бұрын Банкке қайтару туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қарыз алушы Банктен Банктік қарыз келісімшартының шарттарына сәйкес төлеуі тиіс ақша сомалары туралы мәліметтерді ақысыз алуға;

2.1.5. егер Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызды өтеу және/немесе Қарыз/Овердрафт бойынша Сыйақы төлеу күні және/немесе Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша Төлем кезеңінің соңғы күні жұмыс емес демалыс немесе мереке күніне тура келсе, Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызды өтеуді және/немесе Қарыз/Овердрафт бойынша Сыйақы төлеуді сол күннен кейінгі ең жақын жұмыс күні тұрақсыздық төлемі мен басқа айыппұл шараларының түрлерін төлеместен жүзеге асыруға;

2.1.6. Банк Қарыз алушының тиісті жазбаша өтінішін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банктен Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешегін өтеу есебіне түсіп жатқан ақшаларды Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс негізгі қарызға/Овердрафтқа, Қарыз/Овердрафт бойынша Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлемдерге және айыппұл шараларының басқа түрлеріне, сонымен қатар басқа сомаларға бөлу туралы ақысыз, айына 1 (бір) рет ақпарат алуға;

2.1.7. Тараптардың Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жүгінуге және Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» Заңының 8-бабында белгіленген мерзімдерде жауап алуға құқылы;

2.1.8. міндеттерді орындау мерзімі кешіктірілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке келуге және Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттерін орындауында мерзімі кешіктірілуінің себебі көрсетілген жазбаша арызын, кірістер мен Банктік қарыз келісімшартын өзгерту туралы Қарыз алушының арыз беруіне негіз болған расталған басқа да жағдайлар (деректер) туралы, соның ішінде төмендегі жағдайларға байланысты мәліметтерді тапсыруға:

- Банктік қарыз келісімшарты бойынша Сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгерту;
- шетел валютасында берілген Қарыз бойынша негізгі қарыз қалдығы сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгерту;

- негізгі қарыз/Овердрафт және (немесе) Сыйақы бойынша төлем мерзімін ұзарту;

- берешектерді өтеу әдісін немесе берешектерді өтеу кезектілігін өзгерту, соның ішінде негізгі қарызды/Овердрафтты басымдықты тәртіпте өтей отырып;

- Банктік қарыз келісімшартының жарамдылық мерзімін өзгерту;

- тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімақы) жоя отырып, мерзімі кешіктірілген негізгі қарызды/Овердрафтты және (немесе) Сыйақыны кешіруге.

2.1.9. Банктің Банктік қарыз келісімшартының шарттарын Қарыз алушы үшін жақсы жағына қарай өзгертілетіні туралы Шарттардың 2.3.4-тармағында қарастырылған тәртіппен жіберілген хабарламасын алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде, Шарттардың осы тармағында көрсетілген мерзімі өткен күннен кейінгі күнтізбелік күннен кешіктірмей Банктің атына жазбаша хабарлама жіберу арқылы Банк қолданған Қарыз алушы үшін жақсарту шарттарынан бас тартуға. Қарыз алушының Банкті Шарттардың осы тармағына сәйкес жазбаша түрде хабарландыру міндеті Қарыз алушы жіберген хабарламаны Банк алған күннен бастап тиісті түрде орындалған болып есептеледі;

2.1.10. Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша Кредиттік лимиттің шеңберінде кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін операциялар жасауға;

2.1.11. Шарттар мен Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған басқа құқықтарын жүзеге асыруға.

2.2. Банк құқылы:

2.2.1. Қарыз алушының ақшаларын Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша ағымдағы және кешіктірілген берешек сомалары үшін (сонымен қатар: негізгі қарызды/Овердрафтты қайтару, Сыйақы, оның ішінде мерзімі кешіктірілген Сыйақы төлеу бойынша берешек сомаларын, комиссияларды, Шарттар мен Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған басқа төлемдерді, тұрақсыздық төлемдерін (өсімақыларды, айыппұлдарды), Банктің шығындары мен залалдарын (оның ішінде Банктің төлем құжаттарына қоса берілетін Банктік қарыз келісімшартының көшірмелерін нотариалды түрде куәландыру бойынша шығындарын) төлеу бойынша, бірақ олармен шектелмей) талассыз тәртіпте, кез келген валютада алуға, оның ішінде келесі жолмен:

а) Банктің төлем құжатының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құжаттардың негізінде Қарыз алушының Банкте ашылған, оның ішінде Қарыз алушыға жеке кәсіпкер ретінде ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы, және/немесе

б) Қарыз алушының басқа банктерде және/немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, және өзге кредиттік ұйымдарда ашылған банктік шоттарына, оның ішінде Қарыз алушыға жеке кәсіпкер ретінде ашылған шоттарына тікелей дебеттеу жолымен орындалатын Банктің төлем талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құжаттарын ұсыну.

Қарыз алушының банктік шотында ақша жеткілікті болған жағдайда Банктің төлем құжаты (оның ішінде төлем талабы) сол құжатта көрсетілген сомаға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптар сақтала отырып орындалуы тиіс, ал Банктің төлем құжатында көрсетілген бүкіл соманы алу үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда – Қарыз алушының банктік шотына қосылған картотекада сақталады және банктік шотқа ақшаның түсуіне қарай орындалады.

Қарыз алушының шоттарынан Қарыз алушының ақшасы Қарыз валютасынан басқа валютада алынған жағдайда, Банк алынған ақша валютасын айырбастауды ақшаны алған күнгі Банктің бағамы бойынша жүргізеді;

Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшартына қол қоюы Қарыз алушының аталған әрекеттердің жүзеге асырылуына келісімін білдіреді.

2.2.2. Шарттарда және Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған жағдайларда, оның ішінде Шарттардың 2.2.4-тармағында көрсетілген жағдайларда Қарыз алушыдан мерзімінен бұрын – Банк мерзімінен бұрын қайтару туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банктік қарыз келісімшарты бойынша, сондай-ақ Банк пен Қарыз алушы арасында жасалған басқа мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді орындауды талап етуге;

2.2.3. Қарыз алушының келісімінсіз, бірақ кейін Қарыз алушыға Шарттардың 2.3.7-тармағына сәйкес ол жайында Банктің жазбаша хабарламасын жіберу арқылы Банктің Банктік қарыз келісімшарты бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғалардың пайдасына беруге. Бұл ретте Банк ондай үшінші тұлғаға, сондай-ақ оның агенті мен ол өкілдік берген басқа тұлғаларға ондай шегінуді жасау үшін қажетті Банктік қарыз келісімшартының шарттары туралы ақпаратты ашуға, сондай-ақ ондай тұлғаларға тиісті құжаттарды беруге;

2.2.4. Келесі жағдайларда:

а) егер Банктің пікірінше, Банктің өз қызметін жүзеге асыру жағдайының жағымсыз өзгерістері орын алса (оған: мемлекеттік органдардың тиісті актілерді қабылдауына, ақша нарығындағы [оның ішінде банкаралық кредиттер мен депозиттер нарығындағы] және/немесе капиталдар нарығындағы, және/немесе бағалы қағаздар нарығындағы өзгерістерге [оның ішінде пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне: валюталардың түрлері бойынша Британ банкирлер қауымдастығы есептейтін ЛИБОР мөлшерлемелерінің және/немесе теңге бойынша Қазақстан қор биржасы есептейтін КИБОР мөлшерлемелерінің, және/немесе валюта түрлері бойынша своп-мөлшерлемелерінің және т.с.с.], қайта қаржыландыру мөлшерлемелерінің, валюта бағамдарының, инфляция және девальвация көрсеткіштерінің өзгеруіне, сондай-ақ кредит ресурстарын Банктің әрі Қазақстан Республикасында, әрі шет елдерде алу/беру шарттарының өзгеруіне байланыстыларын қоса, бірақ олармен шектелмей); және/немесе

б) егер Банктік қарыз келісімшартын жасаудың немесе Қарыз/Кредиттік лимитті берудің нәтижесінде Банк уәкілетті органдар белгілеген пруденциялы нормативтердің және/немесе

Банктің міндетті түрде сақтауы тиіс басқа нормалар мен лимиттерді бұзса немесе сондай бұзу қаупі туындаса; және/немесе

в) Банктің уәкілетті органның нормативтік актілерімен белгіленген қаржы жағдайына ықпал ететін факторлар туындаған немесе туындау қаупі болған жағдайда; және/немесе

г) Банк активтері жиынтығында Банктің тез өтімді активтерінің үлесі Банк анықтаған мөлшерге дейін төмендеген жағдайда; және/немесе

д) Банктің Банктік қарыз келісімшарты мен Шарттарды лайықты орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайда;

е) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шарттарда және Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған басқа да жағдайларда,

Банктік қарыз келісімшарты жасалған сәттен бастап кез келген уақытта өзінің жеке қалауы бойынша біржақты сотсыз тәртіпте Қарыз алушыға Қарыз/Кредиттік лимитті беруден бас тартуға, Қарыз алушыға Банктің ол жайында қандай да бір хабарламасын жібермей-ақ Қарыз/Кредиттік лимитті беруді тоқтата тұруға құқылы.

2.2.5. Қарыз алушының сол мамандардың көрсеткен қызметтеріне төлем жүргізе отырып, Банктік қарыз келісімшарты және/немесе Қамтамасыз ету туралы келісімшарттар бойынша Банкке қажетті кез келген әрекеттер жасау үшін өз қалауы бойынша мамандарды тартуға;

2.2.6. Банктік қарыз келісімшарты жасалған сәттен бастап кез келген уақытта Қарыз алушыға Шарттардың 2.3.4-тармағында көрсетілген кез келген тәсілімен (Банктің қалауы бойынша) Банктің хабарламасын жіберу арқылы Банктік қарыз келісімшартының шарттарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына біржақты соттан тыс тәртіпте өзгертуге.

Осы тармақтың мақсаттары үшін Банктік қарыз келісімшартының шарттарын Қарыз алушы үшін жақсарту келесілерді білдіреді:

а) азайту жағына өзгерту немесе Қарызға/Кредиттік лимитке қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге төлемдердің күшін жою (олар Банктік қарыз келісімшартында көрсетілген жағдайда);

б) азайту жағына өзгерту немесе тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімақының) күшін толық жою;

в) Банктік қарыз келісімшарты бойынша Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына өзгерту;

г) Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлемдердің мерзімін ұзарту және (немесе) бөліп төлеу;

д) Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешекті өтеу кезектілігін Қарыз алушы үшін жақсарту жағына өзгерту;

е) Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарыздың/Кредиттік лимиттің валютасын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына өзгерту;

2.2.7. Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін Шарттардың 1.7.-тармағында, сондай-ақ Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған тұрақсыздық төлемдерін (айыппұлдарды, өсімақыны) өз қалауы бойынша қолдануға немесе қолданбауға;

2.2.8. Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің толық, сондай-ақ Банк белгілеген бөлігінде орындалуын талап етуге.

2.2.9. Серіктес қарыз алушы болған жағдайда Қарыз алушы мен Серіктес қарыз алушыдан бірге (ортақ), сондай-ақ олардың кез келгенінен бөлек Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2.2.10. Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша Кредиттік лимиттің мерзімі аяқталған жағдайда келесі шарттарда оның мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауға:

а) Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша Қарыз алушыда мерзімі кешіктірілген берешегі болмаса;

б) Банктің Қарыз алушыға қоятын талаптарға Қарыз алушы сәйкес келсе.

2.2.11. Кредиттік лимиттің әрекет ету мерзімінің аяқталуына дейін 6 (алты) ай бұрын, Кредиттік лимиттің мерзімі аяқталатын сәтіне Қарыз алушының Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша берешегінің бүкіл сомасын өтеу мақсатында Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшартында белгіленген банктік шот бойынша шығыс операцияларын бұғаттауға.

2.2.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шарттарда және Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

2.3. Банк міндетті:

2.3.1. Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде қайтарған Қарыз сомасын, Қарыз берген күннен бастап есептелген сыйақыны алып, қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемін және айыппұл шараларының басқа түрлерін ұстамай қабылдауға;

2.3.2. Банк Қарыз алушының тиісті жазбаша өтінішін алған күннен бастап 3 (Үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қарыз алушыға Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарыз алушының берешегін өтеу есебіне түсетін ақшаларды (Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс негізгі қарызға/Овердрафтқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлемдер мен айыппұл шараларының басқа да түрлеріне, сонымен қатар басқа сомаларға) бөлу туралы ақысыз, айына 1 (Бір) рет ақпарат беруге;

2.3.3. Банк Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша берілген Қарыз сомасын Банкке толығымен немесе ішінара мерзімінен бұрын қайтару туралы жазбаша өтінішін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшартының шарттарына сәйкес төлеуі тиіс ақша сомалары туралы мәліметтерді:

- Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешегінің жалпы сомасын;
- Қарыз алушының Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызы, Қарызға/Овердрафтқа есептелген Сыйақы, Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс комиссиялар, тұрақсыздық төлемдері мен айыппұл шараларының басқа түрлерінің сомалары бойынша берешектерінің бір-бірінен бөлек сомаларын көрсетіп, ақысыз беруге міндетті;

2.3.4. Қарыз алушы Қарызды/Овердрафтты қайтару үшін белгіленген мерзімді, және/немесе Қарыз/Овердрафт бойынша Сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді бұзған жағдайда Қарыз алушының кешіктірілген берешегі пайда болған күннен бастап 30 (Отыз) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушының төменде көрсетілген байланыс мәліметтері бойынша жіберілген, ал Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша байланыс деректері (мекенжайы, нөмірлері) өзгерген және Банк Қарыз алушының ол жайында жазбаша хабарлама хатын алған жағдайда – Қарыз алушының сол хабарлама хатта көрсетілген жаңа байланыс деректері бойынша Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлемдер жасауы қажет екені туралы және Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың салдарлары туралы, оның ішінде сол хабарламада көрсетілген талаптарды қанағаттандырмаған кезде Банк қолданатын шаралар туралы Банктің жазбаша хабарламасын Қарыз алушыға жіберуге міндетті. Банк Қарыз алушыны келесі кез келген тәсіл арқылы хабарлайды (Банктің қалауы бойынша):

- Қарыз алушының телефонына қоңырау шалу;
- Қарыз алушыға sms-хабарлама жіберу;
- Қарыз алушыға электрондық пошта (e-mail) бойынша хабарлама жіберу;
- қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (интернет-банкинг) арқылы Қарыз алушыны хабардар ету;
- тапсырысты пошталық жіберілім (тапсырысты хат) арқылы Қарыз алушыны жазбаша хабардар ету;
- Қарыз алушыға факс жіберу.

Банктің Қарыз алушыға Шарттардың осы тармағына сәйкес Қарыз алушының телефонына қоңырау шалу арқылы хабарлау міндеті егер хабарлама мазмұнын құрайтын ақпарат қоңырауға жауап берген (телефон тұтқасын көтерген) ол Қарыз алушының өзі бола ма немесе басқа бір тұлға болуына байланысты болмай ақ тұлғаға жеткізілген жағдайда лайықты түрде орындалған деп танылады.

Банктің Қарыз алушыға Шарттардың осы тармағына сәйкес Қарыз алушыға sms-хабарлама жіберу немесе электрондық пошта (e-mail) бойынша хабарлама жіберу арқылы хабарлау міндеті егер sms-хабарлама жіберу немесе электрондық пошта (e-mail) бойынша немесе факс арқылы хабарлама жіберу, ол sms-хабарламаны немесе электрондық пошта (e-mail) бойынша немесе факс арқылы хабарламаны қабылдаушы Қарыз алушының өзі бола ма немесе басқа бір тұлға болуына байланысты болмай-ақ Қарыз алушының осы sms-хабарламаны немесе электрондық пошта (e-

mail) бойынша немесе факс арқылы хабарламаны қабылдағаны туралы хабарламаны Банкке қайта жіберу қажетінсіз жіберілген жағдайда лайықты түрде орындалған деп танылады.

Банктің қарыз алушыға Шарттардың осы тармағына сәйкес Қарыз алушыға қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (интернет-банкинг) арқылы Қарыз алушыны хабардар ету арқылы хабарлау міндеті егер хабарлама мазмұнын құрайтын ақпарат Қарыз алушыға қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (интернет-банкинг) арқылы жіберілген хабарламаны қабылдаушы Қарыз алушының өзі бола ма немесе басқа бір тұлға болуына байланысты болмай-ақ Қарыз алушының осы ақпаратты қабылдағаны, оқығандығы және т.б. туралы хабарламаны Банкке қайта жіберу қажетінсіз жіберілген жағдайда лайықты түрде орындалған деп танылады.

Егер Банк тапсырысты пошта жіберілімін (тапсырысты хат) Қарыз алушының сол тапсырысты пошта жіберілімін (тапсырысты хатты) алғаны туралы хабарламасын Банкке жіберу қажетінсіз жіберген болса, Шарттардың осы тармағына сәйкес Банктің Қарыз алушыға жазбаша хабарлау бойынша міндеті лайықты түрде орындалған болып танылады;

2.3.5. Қарыз алушы Банкке жазбаша сауалмен жүгінген кезде сол сауалды 2007 жылдың 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы» Заңының 8-бабында белгіленген мерзімдерде қарастыруға және жауабын Қарыз алушыға жіберуге;

2.3.6. Банктік қарыз келісімшарты бойынша өзінің талап ету құқығын үшінші тұлғаның пайдасына Банктің шегіну ниеті болған жағдайда, талап ету құқығын шегіну туралы келісімшарт жасағанға дейін құқықтардың (талаптардың), сонымен бірге шегінуге байланысты Шарттың 2.3.4-тармағында көрсетілген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдістермен Қарыз алушының дербес мәліметтерінің үшінші тұлғаға өтуі мүмкін екені туралы хабарлауға.

2.3.7. Банктік қарыз келісімшарты бойынша талап ету құқықтарын Банк үшінші тұлғаға шегінген жағдайда, құқықтарды (талаптарды) шегіну туралы келісімшарт жасалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шарттың 2.3.4-тармағында қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдіспен үшінші тұлғаға құқықтардың (талаптардың) көшірілгені туралы хабарлауға, келесі мәліметтерді көрсете отырып:

- Қарызды өтеу бойынша бұдан былайғы төлемдерді үшінші тұлғаларға тағайындау (Банктік қарыз келісімшарты бойынша құқық (талап) көшкен тұлғаның атауы мен орналасқан жерін көрсете отырып);
- өткізілген талап ету құқықтарының толық көлемін;
- Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша ағымдағы және мерзімі кешіктірілген берешектерінің қалдығын негізге қарызға, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыз (айыппұлдар, өсімақылар) төлемдерге және Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша төлеуі тиіс сомаларға бөліп көрсетілген берешектерін.

2.3.8. Шарттардың 2.1.8-тармағында қарастырылған Қарыз алушының жазбаша арызын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Банктік қарыз келісімшартының шарттарын өзгертуге берілген ұсыныстарды қарастыруға және келесі мәліметтерді Қарыз алушыға жазбаша түрде көрсете отырып:

- Банктік қарыз келісімшартының шарттарын өзгертуге берілген ұсыныстарға келісімді;
- Банктік қарыз келісімшартының шарттарын өзгертуге берілген өз ұсыныстарын;
- Банктік қарыз келісімшартының шарттарын өзгертуге берілген ұсыныстарды мақұлдаудан бас тартатыны туралы, мұндай бас тартуға негіз болған уәждемелерін хабарлауға.

2.3.9. Банктік қарыз келісімшартының шарттары жақсарту жағына өзгерген жағдайда Қарыз алушыны Шарттардың 2.2.6-тармағында қарастырылған тәртіпте хабардар етуге.

2.4. Банктің құқығы жоқ (Банк үшін шектеулер):

2.4.1. Қарыз алушымен Банктік қарыз келісімшарты жасаған күні белгіленген Қарызға қызмет көрсету бойынша комиссиялар мен басқа төлемдердің мөлшерін және есептеу тәртібін біржақты тәртіпте арттыру жағына өзгертуге.

2.4.2.

а) Банктік қарыз келісімшартының шарттарының өзгеруі Қарыз алушы үшін жақсы жағына жүзеге асырылған жағдайларды;

- б) басқа шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шарттарда және Банктік қарыз келісімшартының шарттарында қарастырылмаған жағдайларды қоспағанда, Банктік қарыз келісімшартының шарттарын біржақты сотсыз тәртіпте өзгертуге;
- 2.4.3. жасалған Банктік қарыз келісімшарты шеңберінде біржақты тәртіпте комиссиялардың жаңа түрлерін енгізуге;
- 2.4.4. сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда Қарыз алушыға шектеу қоюға;
- 2.4.5. Шарттарда және Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған, оның ішінде Шарттардың 2.2.4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, біржақты соттан тыс тәртіпте Қарыз алушыға Қарыз/Кредиттік лимит беруден бас тартуға, Қарыз беруді тоқтата тұруға;
- 2.4.6. Қарыз алушы Шарттардың 2.1.1., 2.1.2-тармақтарында қарастырылған тәртіпте Қарызды немесе оның кез келген бөлігін (егер Қарыз мерзімі 1 (бір) жылдан асатын болса) 1 (бір) жылға дейінгі немесе (егер Қарыз мерзімі 1 (бір) жылдан аспайтын болса) 6 (алты) айға дейінгі мерзімінен бұрын өтеген жағдайда тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл шараларының басқа түрлерін өндіріп алуға;
- 2.4.7. егер Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызды өтеу және/немесе Сыйақы төлеу күні жұмыс емес демалыс күніне немесе мереке күніне тура келсе, және Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызды өтеу және/немесе Сыйақы төлеу сол күннен кейінгі жұмыс күні жүзеге асырылса, тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл шараларының басқа түрлерін өндіріп алуға.

2.5. Қарыз алушы міндетті:

2.5.1. Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін лайықты түрде орындауға, оның ішінде Қарызды/Овердрафтты қайтаруға және Қарыз/Овердрафт бойынша Сыйақы, сондай-ақ Банктік қарыз келісімшартының және Шарттардың шарттарына сәйкес мерзімі кешіктірілген Сыйақы төлеуге.

2.5.2. төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгенін растайтын құжаттарды тапсырып, Банкті жазбаша түрде:

а) Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлғалардың Қамтамасыз ету туралы келісімшарт бойынша міндеттемелерін лайықты орындауына жағымсыз түрде ықпал етуі мүмкін жағдайлардың туындағаны туралы, оның ішінде: Қарыз алушының қаржы жағдайының өзгергені туралы, еңбек келісімшартының тоқтағаны туралы, қызмет ету орнының өзгергені туралы, Банкке кепілге қойылған мүліктің мемлекеттік қажеттіліктер үшін болжалданған алынуы (сатып алынуы) туралы, Қарыз алушының және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлғалардың мүлкіне тыйым салу және/немесе ауыртпалықтар (тыйымдар, шектеулер) қойылу туралы, Қарыз алушының және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлғалардың жауапкерлер ретінде қатысуымен өтетін сот істері туралы, Банктік қарыз келісімшартының және/немесе Қамтамасыз ету туралы шарттың шынайылығын даулау туралы, үшінші тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар Қарыз алушының және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлғалардың мүлкіне талап қойғаны туралы;

б) Қарыз алушының барлық банктердегі (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, және өзге кредиттік ұйымдардағы) барлық (ашылған және/немесе келешекте ашылатын) банктік шоттары туралы, сондай шоттардың, соның ішінде Қарыз алушыға жеке кәсіпкер ретінде ашылған шоттарының нөмірлерін және банктердің/ұйымдардың атауларын, сондай-ақ Қарыз алушының солардың алдында берешегінің бар екені және мөлшері туралы, Қарыз алушының және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлғалардың Банкке көрсеткен банктік және өзге деректемелерінің өзгергені туралы;

в) сақтандыру келісімшарты бойынша (оның ішінде мерзімі ұзартылған немесе жаңадан жасалған келісімшарт бойынша) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы, Қарыз алушымен байланысты сақтандыру объектілеріне қатысты Қарыз алушы ерікті түрде сақтандыруды іске асырған жағдайда сол уақытта ол жайында сондай сақтандыру келісімшартын жасаған сақтандыру ұйымына хабарлау арқылы;

г) Банктік қарыз келісімшартын жасағаннан кейін Қарыз алушы:

- Банкпен ерекше қатынастармен байланысты, және/немесе
- тәуекел мөлшері Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес, бір қарыз алушыға сияқты есептелетін Банктің қарыз алушылар тобымен байланысты, және/немесе

▪ тәуекел мөлшері Банкпен ерекше қатынастармен байланысты, бір қарыз алушыға сияқты есептелетін Банктің қарыз алушылар тобымен байланысты

тұлға болатындығы туралы хабардар етуге;

2.5.3. Банктің жазбаша келісімін алмайынша үшінші тұлғамен кепілге қою келісімшартын, қарыз келісімшартын (о.і. банктік қарыз) жасамауға, үшінші тұлғаның пайдасына кепілдік, кепілдеме бермеуге (оның ішінде жеке кәсіпкердің атынан);

2.5.4. егер Банк пен арыз алушы және/немесе кепілзат беруші арасында жасалған жеке келісім шарттарында Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауына қамтама беру қарастырылса, онда Қарыз алушы беретін Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындауына берген қамтаманың рәсімделуін (тіркетілуін) және міндеттемелердің орындауын үшінші тұлғалар беретін қамтаманың рәсімделуін (тіркетілуін) қамтамасыз етуге;

2.5.5. Банктің талабы бойынша (оның ішінде Банктің өз қызметін іске асыруының шарттары өзгерген немесе Қарыз алушының қызметі өзгерген және/немесе Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлғалардың Қамтамасыз ету туралы келісімшарт бойынша міндеттемелерінің кез келгені бұзылған немесе бұзылу қаупі болған жағдайда) Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің Банкті қанағаттандыратын қосымша тәсілдерін Банк көрсеткен мерзімде тапсыруға;

2.5.6. тәуелсіз бағалаушының немесе басқа тұлғаның (оның ішінде Банк жұмыскерінің) Қамтамаға/қамтамасыз етудің қосымша тәсілдеріне, оның ішінде үшінші тұлғалардың тапсырған қамтамаға бағалау және/немесе мониторинг және/немесе қайта бағалау жүргізуін қамтамасыз етуге;

2.5.7. Банк сұраған Банктік қарыз келісімшарты бойынша ақпарат пен құжаттарды, оларға: (i) Қарыз алушының қаржы жағдайын анықтауға мүмкіндік беретін, (ii) тиісті уәкілетті органның пруденциялық нормативтерін және Банктің міндетті түрде сақталуы тиіс талаптарын орындау үшін қажетті, (iii) Банктің кредиттік бюроларға және/немесе басқа уәкілетті органдарға беру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды қоса, бірақ олармен шектелмей Банкке тапсыруға;

2.5.8. Банктік қарыз келісімшартын жасағаннан кейін Банкте:

а) Қарыз алушы Банкпен ерекше қатынастармен байланысты екені туралы, және/немесе,

б) Қарыз алушы тәуекел мөлшері Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес, бір қарыз алушыға сияқты есептелетін Банктің қарыз алушылар тобымен байланысты екені, және/немесе

в) Қарыз алушы тәуекел мөлшері Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес, бір қарыз алушыға сияқты есептелетін Банктің қарыз алушылар тобымен байланысты екені туралы ақпарат пайда болған жағдайда

Банк белгілеген мерзімде:

▪ Банк көрсеткен қамтамасыз етудің қосымша тәсілдерін беруге немесе Банк көрсеткен мөлшерге дейін Банк талаптарының бөлігін орындауға;

▪ Банктің уәкілетті мемлекеттік орган алдында қабылдаған міндеттемелерді орындауға Банкке қолғабыс көрсетуді қамтамасыз етуге;

Егер осы аталған жағдайлардың кез келгені Банкке айыппұл салуға әкеп соқтырса, Қарыз алушы Банктің талабы бойынша бес күндік мерзімде Банк төлеген айыппұлдарды, сондай-ақ соған байланысты Банкке келген кез келген шығындарды Банкке өтеуге міндеттенеді;

2.5.9. Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелері бұзылуына байланысты Банкке келген шығындарды, сондай-ақ Банктің Банктік қарыз келісімшарты бойынша кез келген шығындарын, оның ішінде Банк жұмыскерлерінің және/немесе басқа тұлғалардың Қарыз алушы орналасқан жерге барып келуіне байланысты, сондай-ақ кредиттік бюролармен өзара әрекет етуге байланысты (оның ішінде кредиттік бюроларға ақпарат беру және/немесе кредиттік бюролардан кредиттік есептерді алу бойынша шығындарды) шығындарын толық көлемде тұрақсыздық төлемдердің үстінен өтеуге;

2.5.10. Қарыз алушының (оның ішінде жеке кәсіпкердің атынан) басқа банктермен жасалған (банктік операциялардың басқа түрлерін жүзеге асыратын мекемелермен және басқа кредиттік мекемелермен) және болашақта жасалатын Банктік шот келісімшарттарына Банктің

орындалмаған (банктік шотта ақшаның жеткіліксіздігінен) талап-арыздарын басқа да ұқсас құжаттарын картотекаға қабылдау және бір жыл бойына сақтау туралы шарттарын қосуға;

2.5.11. Егер Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызды өтеу немесе Қарыз/Овердрафт бойынша Сыйақы төлеу күні немесе Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша Төлем кезеңінің соңғы күні жұмыс емес күнге немесе мереке күніне түссе, онда Қарыз/Овердрафт бойынша негізгі қарызды өтеу және/немесе Қарыз/Овердрафт бойынша Сыйақы төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізілсін;

2.5.12. Қарыз алушының дербес деректері, мекенжайы, жұмыс орны (табыс көзі) және тұрғылықты мекенжайы өзгерген жағдайда (әсіресе: тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттары, ЖСН, үй телефонының нөмірі, жұмыс телефонының нөмірі, мобильді телефонының нөмірі, жұмыс орны өзгерген жағдайда, жеке кәсіпкер мәртебесін алған болса) ондай өзгерістер болған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде Банкке жаңа мәліметтерді, сондай-ақ Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты мен Шарттарда қарастырылған міндеттемелерді тиісінше орындауына теріс әсер етуі және/немесе Қарыз алушыны сәйкестендіруді қиындатуы мүмкін жағдайлар туралы хабарлауға. Ондай хабарламаны Қарыз алушы өзі тікелей Банкке келіп жазбаша жасауға міндетті;

2.5.13. Банкке Қарыз алушының Қарыз алуына байланысты, сондай-ақ Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін мәжбүрлі түрде орындауына байланысты операциялық, пошталық-телеграфтық және басқа шығындарын өтеуге;

2.5.14. Қандай да ұстап қалусыз Банктік қарыз келісімшарты бойынша барлық төлемдер жүргізуге. Ондай ұстап қалулар міндетті болған жағдайда, Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша Банкке төленуге тиіс ақша сомасын Банк оған тиісті ақша сомасының барлығын толық көлемде алатындай қылып ұлғайтуға тиіс;

2.5.15. Банктік қарыз келісімшарты мен Шарттарда қарастырылған барлық комиссиялар мен өзге төлемдерді Банкке уақытылы және толық көлемде төлеуге;

2.5.16. мерзімінен бұрын – Қарыз алушыға Қарызды Банкке мерзімінен бұрын қайтару туралы Банктің хабарламасын жіберген сәттен бастап 5 (Бес) жұмыс күні ішінде – Банктік қарыз келісімшартында, оның ішінде Шарттардың 2.2.2-тармағында қарастырылған жағдайларда Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша, сондай-ақ Банктік қарыз келісімшартына байланысты Банк пен Қарыз алушы арасында жасалған басқа мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді орындауға;

2.5.17. Банкке дербес деректерді бергенде (оның ішінде келешекте), яғни олардың негізінде белгіленген немесе белгіленетін жеке тұлғаларға (оның ішінде Қарыз алушының жұмыскерлеріне, Қамтаманы берген жеке тұлғаларға) тиесілі мәліметтерді, олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге осындай жеке тұлғалардың келісімдерін (Банк көрсеткен форма бойынша) Банкке тапсыруды қамтамасыз етуге;

2.5.18. Кредиттік лимиттің әрекет ету мерзімінің аяқталуына дейін 6 (алты) айдың ішінде немесе Кредиттің лимиттің әрекет ету мерзімінің аяқталу күніне дейінгі соңғы жұмыс күні Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша берешекті толық өтеуге;

2.5.19. Қарыз алушының бастамасымен Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда толық есептеме жасаған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын және Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшартты бұзудың болжалды күніне дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын алдын ала жазбаша өтінішпен Банкке жүгінуге;

2.5.20. Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшартты мерзімінен бұрын бұзған кезде Қарыз алушының Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшарт бойынша міндеттемелерінің барлығын тиісті түрде орындауға, оның ішінде берешекті Кредиттік лимитті белгілеу туралы келісімшартта қарастырылған шарттарында өтеуге;

2.5.21. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шарттарда және Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған басқа міндеттерді орындауға.

3. Түрлі шарттар

3.1. Егер Банктік қарыз келісімшартында өзгесі белгіленбеген болса, Банктік қарыз келісімшартына жасалатын өзгертулер Тараптардың келісімімен, Тараптардың тиісті қосымша келісімдер жасауы арқылы келесі жағдайларда енгізіледі:

- а) Сыйақының тіркелген мөлшерлемесінің мөлшері өзгерген жағдайда (заңнамамен белгіленген Сыйақы мөлшерлемесінің әрекет ету мерзімін ескере отырып) немесе Сыйақының тіркелген мөлшерлемесін Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесіне ауыстырған жағдайда;
- б) Қарызға қызмет көрсету бойынша Қарыз алушы төлеуі тиіс комиссиялардың және өзге төлемдердің мөлшері мен есептеу тәртібі өзгерген жағдайда;
- в) Тараптар белгілеген басқа жағдайларда.

Шарттарға жасалған барлық өзгертулер және/немесе толықтырулар оларды баспасөз құралдарында жариялаған күннен күшіне енеді, бұл ретте Қарыз алушы үшін ондай өзгертулер және/немесе толықтырулар Банктік қарыз келісімшартына тиісті қосымша келісімге қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қарыз алушының жағдайын жақсартатын Шарттарды өзгерту және/немесе толықтыруды Банк біржақты тәртіпте іске асырады және олар Шарттардың 2.2.6-тармағында қарастырылған тәртіпте күшіне енеді.

3.2. Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшартына қол қою арқылы Банкке:

а) Банктік пікірінше, егер Қарыз алушының және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлғалардың (оның ішінде олардың жұмыскерлерінің (қызметкерлерінің), лауазымды тұлғаларының, қатысушыларының (акционерлерінің)) әрекеттерінде қылмыстық белгілер болса, алдын ала тергеу және анықтау органдарына; басқа банктер және/немесе өзге қаржы институттары Банкке берген кредиттік және басқа қаржының игерілуіне тексеріс жүргізетін тұлғаларға және/немесе Банктік қарыз келісімшарты бойынша бірігіп қаржыландыру мақсатында Банкпен ынтымақтастық орнату мәселелерін шешетін басқа банктерге және/немесе өзге қаржы институттарына; олардың пайдасына Банк Банктік қарыз келісімшарты және Қамтамасыз ету туралы келісімшарт бойынша талап ету құқығын шегінетін үшінші тұлғаларға және/немесе Банкке Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу бойынша қызметтер көрсететін коллекторлық агенттіктерге; Банктік қарыз келісімшартында көрсетілген нысандарға сақтандыру жүргізетін сақтандыру ұйымдарына; тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға Қарыз берілетін сауда ұйымдарына; Банкке аудит жүргізетін тұлғаларға; Банктің еншілес ұйымдарына; ұялы байланыс/пошталық байланыс қызметтерін көрсететін операторларға; Банктің бағдарламалық жасақтамасына сүйемелдеу мен қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға; Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған және/немесе орындамаған жағдайда кез келген үшінші тұлғаларға кез келген мәліметтер мен ақпараттарды, оның ішінде банктік құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ Банк өзі таңдаған, Шарттардың 2.3.4-тармағында көрсетілген кез келген тәсілмен Банк Қарыз алушыға хабарлама жіберудің нәтижесінде сондай мәліметтер немесе сондай ақпарат мәлім болатын үшінші тұлғаларға ашу мен беру, және өзінің дербес деректеріне қолжетімділік беру құқығын;

б) Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамаған және/немесе орындамаған жағдайда Банк Қарыз алушының жұмыс берушісіне жүгінгенде, оларды жұмыс беруші өңдейтін өзінің дербес деректеріне қол жеткізу құқығын;

в) өзінің дербес деректерін Банктің жинауына, өңдеуіне өзінің келісімін;

г) жарнамалық жіберілім алуға өзінің келісімін береді.

3.3. Егер Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша мерзімі кешіктірілген берешегін өтеу мақсатында Банктік қарыз келісімшартында белгіленген банктік шотты және/немесе Қарыз алушы Банкті алдын ала жазбаша хабардар еткеннен кейін Қарыз алушының Банкте ашылған басқа банктік ағымдағы шоттарын, оның ішінде Қарыз алушыға жеке кәсіпкер ретінде ашылған шоттарын ақшалай (қолма-қол ақшамен, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз тәртіппен де) толықтыруды жұмыс емес күні жүргізсе, берешек өтелімі ертесіндегі жұмыс күні жүзеге асырылады. Шарттардың 1.7-тармағында қарастырылған Сыйақы мен тұрақсыздық айыппұл (өсімақы), Банктік қарыз келісімшарты бойынша мерзімі кешіктірілген берешекті нақты өтеген күнге дейін есептелетін болады.

3.4. Банктік қарыз келісімшарты бойынша барлық даулар Қазақстан Республикасының құқықтарын, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Банктің қалауы бойынша – Банктің бас офісі немесе Банктің филиалы орналасқан немесе Қарыз алушы тіркелген жергілікті сотта шешіледі.

3.5. Тараптар:

- а) Банктік қарыз келісімшартты жасағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында болған, Банктік қарыз келісімшартына таралатын өзгертулерге, және/немесе
 - б) сот актісін қабылдауға,
- байланысты Банктік қарыз келісімшартының бір шартының (бірнеше шарттарының) жарамсыз деп танылуы Банктік қарыз келісімшартын толығымен жарамсыз деп тануға әкеп соқтырмайды деп келісті. Қарыз алушы Банктің талабы бойынша Банк белгілеген мерзімде Банктік қарыз келісімшартының жарамсыз шартын (шарттарын) жарамды шартқа (шарттарға) ауыстыру үшін қажет барлық әрекеттерді жасауға міндеттенеді.

3.6. Қарыз алушы келесілерді мәлімдейді, растайды және кепілдік береді:

- а) Банктік қарыз келісімшарты мен Шарттар оның құқықтық қабілеттерін және әрекет ету қабілеттерін шектемейді, ол үшін ауыртпалық салатын және әділетсіз шарттарды қамтымайды;
- б) Банктік қарыз келісімшартын жасау кезінде Қарыз алушы өз еркімен және өзінің ақылға қонымды мүдделеріне сүйеніп әрекет етті;
- в) жасалуы, сақталуы және жүзеге асырылуы: (i) Қарыз алушы заң негізінде Банктік қарыз келісімшарты мен Қамтамасыз ету туралы келісімшарттарды жасау, өз құқықтарын жүзеге асыру және Қарыз алушының қабылдауы Банктік қарыз келісімшартында, Қамтамасыз ету туралы келісімшарттарда және Шарттарда қарастырылған өз міндеттемелерін орындау үшін, (ii) Қарыз алушының қабылдауы Банктік қарыз келісімшартында, Қамтамасыз ету туралы келісімшарттарда және Шарттарда қарастырған міндеттемелердің заңдылығын, шынайылығын және міндетті күшінің болуын қамтамасыз ету үшін және (iii) Банктік қарыз келісімшартын, Қамтамасыз ету туралы келісімшарттарын және Шарттарды дәлел ретінде беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет барлық әрекеттер, шарттар және шаралар жасалды, сақталды және қолданылды;
- г) Банктік қарыз келісімшарты мен Шарттарға байланысты Банкке берілген ақпарат барлық маңызды жағынан сенімді, толық және дәл болып табылады және Банкке жарияланбаған және оларды жария еткен жағдайда Банктік қарыз келісімшартының шарттарына сәйкес Қарыз алушыны қаржыландыру туралы мәселені қарастырып жатқан тұлғаның шешіміне кері ықпал ететін маңызды фактілер немесе жағдайлар туралы Қарыз алушыға белгісіз;
- д) міндеттемелерін орындамау жағдайы болып табылатын немесе (уақыт өткеннен кейін, хабарлама жібергеннен кейін немесе көрсетілген шарттардың жиынтығында) болуы мүмкін қандай да бір оқиға болған жоқ және болып жатқан жоқ;
- е) Қарыз алушы Шарттардың 1.14-тармағында қарастырылған жағдайлардың кез келгені басталған кезде Банк Шарттардың 1.14-тармағында қарастырылған іс-шараларды іске асыруға құқылы екенімен келіседі;
- ж) Шарттардың 2.3.4-тармағында қарастырылған, Банк жеке таңдаған кез келген хабарландыру тәсілімен жіберілген Банктің жіберген хабарламасы, Банктік қарыз келісімшартына байланысты кез келген мәселе бойынша, оның ішінде Банктік қарыз келісімшартының шарттарын Банктің біржақты соттан тыс тәртіпте өзгертуі туралы Қарыз алушыны лайықты түрде хабарлау болып саналады;
- з) Банктік қарыз келісімшартына және Қамтамасыз ету туралы келісімшарттарға қол қою сәтінде Қарыз алушының кез келген үшінші тұлғалармен болған қатынастары Банктік қарыз келісімшартын жасауға Қарыз алушы үшін кедергі болып табылмайды және шектеулерді қамтымайды. Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшартын және Қамтамасыз ету туралы келісімшарттарын жасауы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қарыз алушының үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелерге қайшы келмейді;
- и) Қарыз алушының Банктік қарыз келісімшарты бойынша өз міндеттемелері бойынша жауап беруге кедергі болатын жағдайлар жоқ және сондай жағдайлар басталған жағдайда Қарыз алушы ол жөнінде Банкке шұғыл түрде жазбаша хабарлайды;
- к) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банктік қарыз келісімшарты бойынша Банкке тиесілі барлық төлемдерді Қарыз алушы үшінші тұлғалар тарапынан кез келген талаптарға қарамай, бірінші кезекте жүзеге асыратын болады;
- л) басқа кредиторлардың және кез келген үшінші тұлғалардың тарапынан Қарыз алушыға жасалған қандай да бір кінәраттар Қарыз алушының Келісімшартты орындау мүмкіндігіне ықпал етпейді. Банктік қарыз келісімшартын орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының

заңнамасында қарастырылған жағдайларды санамағанда, өзінің кез келген үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелеріне байланысты кез келген жағдайларға сілтеме жасауға Қарыз алушының құқығы жоқ және ондай жағдайлар Банктің Шарттарда, Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған құқықтарын іске асыруға кедергі болып табылмайды;

м) Банктік қарыз келісімшарты бойынша талап ету құқығын шегінген жағдайда Банктің иелігінде болған Қарыз бойынша ақпараттарды, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпараттарды үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Қарыз алушы туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға беруге қарсылығы жоқ;

н) Кредит берушінің (Банктің) өзі Қарыз алушы үшін маңызды емес, сондықтан да Қарыз алушы Банктің Банктік қарыз келісімшарты бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға шегінуіне қарсы емес екенін мәлімдейді және кепілдік береді;

о) Қарыз алушы Шарттардың 3.2-тармағында көрсетілген үшінші тұлғаларға, оның ішінде олардың пайдасына Банк Банктік қарыз келісімшарты бойынша Банкке тиесілі талаптарды беретін үшінші тұлғаларға Банк кез келген, оның ішінде банк құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратты беретіндігіне қарсы емес және қарсы болмайды, сондай-ақ Банктің Шарттардың 2.3.4-тармағында көрсетілген кез келген әдісімен Қарыз алушыда Келісімшарт бойынша мерзімі кешіктірілген берешектің туындауы туралы Қарыз алушыны хабардар етуіне келісімін береді және Банк Банктік қарыз келісімшартында көрсетілген Қарыз алушының байланыс орнату деректемелері бойынша, Шарттардың 2.3.4-тармағында көрсетілген хабарландыру тәсілдерінің Банктің таңдауы бойынша кез келгенімен Қарыз алушыда Банктік қарыз келісімшарты бойынша мерзімі кешіктірілген берешегі туындағаны туралы хабарламаны жүргізген кезде, сондай мәліметтер мен ақпарат мәлім болатын кез келген үшінші тұлғаларға Банктің Қарыз алушыға, берілген Қарызға және Банктік қарыз келісімшарты бойынша Қарыз алушының міндеттемелеріне қатысты кез келген ақпарат пен мәліметтерді тапсыратынына қарсы емес.

п) Қарыз алушыда Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес Банкке берілген немесе келешекте берілетін жеке тұлғалардың олардың Дербес деректерінің, яғни оларың негізінде белгіленген немесе белгіленетін жеке тұлғаларға (оның ішінде Қарыз алушының жұмыскерлеріне, Қамтаманы беретін жеке тұлғаларға) қатысты мәліметтердің Банкке берілуіне келісімдері бар.

3.7. Банк Банктік қарыз келісімшарты бойынша құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға берген жағдайда, Банктік қарыз келісімшарты шеңберіндегі Банк пен Қарыз алушы арасындағы қарым-қатынасқа қойылған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен шектеулері Қарыз алушы мен құқық (талап) берілген үшінші тұлға арасындағы құқықтық қарым-қатынасқа таралады.

3.8. Тараптардың Шарттармен және Банктік қарыз келісімшартымен реттелмеген қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

3.9. Осы Шарттар Банк пен Қарыз алушы арасындағы қарым-қатынаста еге ол тікелей Банктік қарыз келісімшартында қарастырылса ғана қолданылады. Шарттар мен Банктік қарыз келісімшарты арасында қарама-қайшылық туындаған жағдайда Банктік қарыз келісімшарты басымдылық күшке ие болады.

3.10. Осы Шарттар қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Шарттардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қарама-қайшылық туындаса Шарттардың орыс тіліндегі мәтіні басымдылық күшке ие болады.

3.11. Бұл Шарттар – жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

3.12. Бұл Шарттар – Шарттар жарияланған күннен бастап жасалған Банктік қарыз келісімшарттары бойынша қатынастарды реттейді.

3.13. Бұл Шарттар жарияланған күнге дейін жасалған банктік қарыз келісімшарттары бойынша қатынастар «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланған (2013 жылдың «05» желтоқсанындағы № 135) тұтынушылық қарыздар бойынша банктік қарыз келісімшарттарының үлгілік шарттарымен, «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланған (2016 жылдың «30» маусымындағы № 69) № 1 Қосымшасымен, «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланған (2016 жылдың «11» қарашасындағы № 124) №2 Қосымшасымен, «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланған (2018 жылдың «28» тамызындағы № 96) № 3 Қосымшасымен, «Новое

поколение» газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланған (2019 жылдың «19» сәуіріндегі № 43) №4 Қосымшасымен реттеледі.